

Жақсылықбаева Р.С.

**Жоғары оқу орындарындағы
ғылым, білім және инновация
мәселелері**

Мақалада экономиканың инновациялық дамуындағы жоғары білім беру жүйесінің рөлі айтылады. ЖОО-ның инновациялық бағыттары мен жүзеге асырылатын мақсаттары айқындалады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отырғандығын нақты дәйектер арқылы тұжырымдайды.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, ғылым, инновация, білім, ғылым докторлары, білім беру бағдарламасы, жоғары оқу орындары, педагог, студент, сапа менеджменті.

Zhaxsylykbayeva R.S.

**Problems of science, education
and innovation higher education**

The article shows the role of higher education in the innovative development of the economy. Defined objectives, areas of innovation activity of high school and university formation of innovation infrastructure. In addition, today there are new requirements, that the level and quality of education in Kazakhstan are formed with the specific facts.

Key words: information technology, science, innovation, education, a doctor of sciences, the education programs, the education reform, a teacher, a student, a quality management.

Жақсылықбаева Р.С.

**Проблемы науки, образования
и инновации высшего учебного
заведения**

В статье показана роль высшей школы в инновационном развитии экономики. Определены задачи, направления инновационной деятельности вуза и формирование вузовской инновационной инфраструктуры. Кроме того, автор останавливается на новых стандартах современного образования, изучая на конкретных примерах уровень и качество образования в Казахстане.

Ключевые слова: информационная технология, науки, инновация, образование, доктор наук, программы по образованию, высшее учебное заведение, педагог, студент, менеджмент качества.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Қазіргі таңдағы ғылыми-техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуіріне бет бұру кезеңінде жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі қоғамның алдында тұрған негізгі міндет.

Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысы, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады. Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне бірінші кезектегі міндеті жоғары білікті мамандарды даярлау, сол арқылы оларға жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе, икемділік пен бейімділік беру қажет. Жоғары білім берудің мақсаты – қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімдерін таңдауға кеңінен мүмкіндік беру.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге жол ашуда. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының **«Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер» атты 8-бабында:** «Мемлекет білім алу құқығын білім беру жүйесін дамыту, оның жұмыс істеуінің құқықтық негізін жетілдіру және Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес білім алу үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз етеді. Білім беру сапасын мемлекеттік бақылау білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін жасау және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады», – деп атап көрсетеді [1]. Осы орайда, білім берудің мақсаты – қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауында: «Қазақстанда халықаралық ұйымдардың қатысуымен осы заманғы ғылыми орталықтар мен «технологиялық парктер» құру мен дамыту, жаңа технологияларды игеру үдерісіне қолдау көрсету мен кадрлардың білігін бағдарлаудың икемді жүйесін қалыптастыруымыз керек», – деп атап көрсетілді [2]. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың заңнамалық тұжырымдамалық негіздері, әсіресе, Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды басты назарға қояды.

2020 жылға дейін білім беру жүйесі жоғары білім сапасы мен халықаралық индикаторлармен расталған адами капиталдың даму деңгейі түрінде нәтиже беретін болады. Бұл мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ, педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты.

«Республикада 125 ЖОО жұмыс істейді (9 ұлттық, 31 мемлекеттік, 13 азаматтық емес, 1 ААҚ, 1 халықаралық, 16 акционерлендірілген, 54 жеке) (2012-2013 оқу жылы – 135, 2013-2014 оқу жылы – 132).

2015-2016 оқу жылында оқытушы-профессор құрамының саны – 40121 адам құрады (2013-2014 оқу жылында – 41 635, 2014-2015 оқу жылында – 40 320). Олардың ішінде PhD докторлар – 1 460, ғылым докторлары – 3115, ғылым кандидаттары – 14 316 адам (2013-2014 оқу

жылында – PhD докторлар – 694, салалық докторлар – 108, ғылым докторлары – 4008, ғылым кандидаттары – 15908 адам, 2014-2015 оқу жылында – PhD докторлар – 888, салалық докторлар – 102, ғылым докторлары – 3863, ғылым кандидаттары – 14 949 адам)» [3].

ЖОО-ның білім беру кеңістігін қалыптастыру әрбір білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың түпкі нәтижесі мен оған жетудің жолдарын қаншалықты ашық, айқын, нақты анықтайтынына байланысты. Әрбір бағдарламаға арнап ЖОО білім беру бағдарламасын дамытудың стратегиясы мен мақсаттарын тұжырымдайды, құжаттандырады. Сондай-ақ, білім беру бағдарламасының мақсаттарына жетудің әдістері мен түзету тәсілдерін, осы әдістердің тиімділігін анықтайды. Қазақстандық ЖОО-ларда академиялық еркіндікті кеңейту жұмыс берушілердің талаптары мен қоғамның әлеуметтік тапсырысына сәйкес келетін түлектерді дайындау сапасы бойынша олардың жауапкершілігін арттыруды білдіреді.

Жоғары оқу орны 2009-2011 жыл арасындағы салыстырмалы өзгеріс саны 51-ге көбейді. Ал тек мемлекеттік ЖОО-да дәріс алатындар саны 99535 адамды құрайды. Статистика мәліметтері жоғары білімді адамдардың анағұрлым көбейгендігін көрсетеді. 1999-2000 оқу жылының өзінде-ақ ҚР жоғарғы білім инфрақұрылымы 55445 маманды даярлап, олардың саны алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда 3675 адамға өскенін байқатты.

Қазақстан ғылымында да түбегейлі жүйелі өзгерістер болды. Жастардың ғылымға келуі артуда. 35 жастағы ғалымдардың саны 5 114-тен 9 447-ге, яғни 1,8 есеге артты [3]. Ғылыми кадрларды даярлаудың жаңа жүйесі енгізілді. PhD философия докторы атты жаңа ғылыми дәреже бекітілді. Ғылым докторларын даярлау жоғары оқу орындары мен зерттеу институттарының бірлескен бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде қазақстандық жас ғалымдардың ғылыми тағылымдамадан өту мүмкіндіктері пайда болды. Техникалық бағыттағы мамандықтардың санын 40 %-дан 53 %-ға дейін ұлғайту көзделген.

Барлық ғалымдардың әлемдік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуі қамтамасыз етілді – Thomson Reuters, Springer, Elsevier ірі шетелдік компаниялар және баспалар лицензиялар мен келісімдерге қол қойды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Жапония парламентінде сөйлеген сөзінде: «Біз ғылыми

еңбек сіңіруді қажетсінетін салада өзара тиімді қарым-қатынасты дамытып, сіздің елдегі алдыңғы қатарлы технологияларды барынша жұмылдыруға тырысамыз. Жапондық компанияларды Қазақстанның Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы мен жекешелендіру мақсатындағы ауқымды іс-шараларды дамытуға атсалысуға шақырамыз. Екі ел арасындағы стратегиялық достық пен өзара түсінушілік біздің қарым-қатынасымыздың одан әрі нығаюына зор әсерін тигізеріне сенімдімін», – деп атап өтті. Президент сөзінде айтылғандай, экономикадағы бәсекеге қабілеттілікті нығайту мен Қазақстанның әлемнің озық елдері қатарына енуі өнеркәсіптің инновациялық даму тиімділігімен анықталады. Ол өз кезегінде техникалық жоғары білім беру жүйесін жаңартып, қазіргі заманға сай технологияларды өндіріске ендіруші ғылыммен өзара тығыз байланыста екені айтпаса да түсінікті. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының әлеуеті тек көрсетілетін қызмет түрінен ғана емес, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған «Білім – ғылым – инновация» атты үштік жүйенің дамуымен де анықталады.

Инновация – қазіргі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника, білім салаларында өте жиі қолданып жүрген термин. Инновация сөзі – жаңа, өзгеру, жаңаша деген мағынаны білдіреді. Бұл әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру мақсаты алға қойылады. Қазақстанның әлемдік үрдістерге кіруі, дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда. Осыған орай, қазіргі кезде білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған.

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі – интерактивті техника және технология. Интерактивті техника және технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын

даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді.

Қорыта келгенде, білім беру жүйесі – сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге, білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны. Нәтижеге бағдарланған оқыту, яғни құзыреттілік ең алдымен, оқытушының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды және дамытуды талап етеді. Кәсіби-педагог құзыреттілігін жүзеге асыруда, педагогтан қабілеттілік пен даярлықты талап етеді. Сонымен қатар, кәсіби құзыреттілікке білімдер, іскерліктер, дағдылармен қатар тұлғаның кәсіби құнды сапаларын, оның іс-әрекетін де қарастыруды талап етеді. Осының бәрі педагогтың кәсіби жоғары деңгейінің болуын қажет етеді.

ЖОО мамандар даярлау сапасын арттыру үшін:

- ЖОО-ның академиялық еркіндігін кеңейту;
- білім бағдарламаларының мазмұндары жұмыс берушінің талаптарына сай келуі;
- ЖОО-да маман даярлауды нарықтағы сұраныс ескерілуі тиіс;
- ЖОО-ның оқу-зертханалық базасын күшейту қажет.

ЖОО білім берудегі әдіснамасы ретінде:

- талантты және дарынды студенттер дайындау үшін білім берудің және оқытудың жаңа тәсілдерін айқындайтын оқулықтар мен оқу құралдары көбірек жазылуы тиіс;
- білім беру және оқытуда АКТ (ақпараттық коммуникативті технология) пайдалана отырып, ақпараттық сауаттылықты арттыру қажет.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007. <http://adilet.zan.kz>.
2. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы /Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 1 наурыз 2006. <http://kisi.kz>.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары. 14 қазан 2016. <http://edu.gov.kz>.

References

1. Qazaqstan Respublikasiniñ «Bilimturaly» Sani. 27 shilde 2007. <http://adilet.zan.kz>.
2. Qazaqstannin alemdegi basekege barinsha qabiletti 50 eldin qatarina kiru strategiasy/ Qazaqstan Respublikasiniñ Presidenti N.A. Nasarbayevtin Qazaqstan qalkina sholdauy. 1 naury 2006. <http://kisi.kz>.
3. Qazaqstan Respublikasi Bilim shane gylym ministrliginin 201-2018 shyldarga arnalgan strategialyk shospary. 14 kasan 2016. <http://edu.gov.kz>.